



Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты  
Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия

SOP-21 Халықаралық ғылыми жарияланымдарды дайындау кезінде Жергілікті  
биоэтика комиссиясының шешімдерін пайдалану  
1.0 нұсқа | 1 / 4 бет

**БЕКІТЕМІН**

«Биологиялық қауіпсіздік  
проблемаларының ғылыми-зерттеу  
институты» ЖШС

Бас директоры

\_\_\_\_\_ Жугунисов К.Д.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**Халықаралық ғылыми жарияланымдарды дайындау  
кезінде жергілікті биоэтика комиссиясының шешімдерін  
пайдалану  
SOP-21**

**ҚАРАЛДЫ**

Жергілікті биоэтика комиссиясының отырысында

№ \_\_\_\_ хаттама

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Гвардейский, 2026



## **Халықаралық ғылыми жарияланымдарды дайындау кезінде Жергілікті биоэтика комиссиясының шешімдерін пайдалану**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы стандартты операциялық рәсім халықаралық ғылыми жарияланымдарды дайындау кезінде Жергілікті биоэтика комиссиясының (ЖБК) шешімдерін пайдалану тәртібін белгілейді.

1.2. Осы SOP талаптары келесі құжаттарға қолданылады:

- ғылыми мақалалар;
- халықаралық конференция материалдары;
- халықаралық ғылыми есептер;
- халықаралық гранттарға өтінімдер.

1.3. Осы SOP «Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Жергілікті биоэтика комиссиясының мақұлдауын алған барлық зерттеулерге қолданылады.

### **2. Комиссияның ағылшын тіліндегі ресми атауы**

2.1. Халықаралық ғылыми жарияланымдарда комиссияның келесі ресми атауы қолданылады: Local Bioethics Committee Research Institute for Biological Safety Problems.

2.2. Комиссияның қысқартылған атауы: LBC RIBSP.

2.3. Комиссия атауының өзге нұсқаларын қолдануға жол берілмейді.

### **3. Биоэтикалық мақұлдау нөмірі**

3.1. ЖБК мақұлдаған әрбір зерттеуге биоэтикалық мақұлдаудың бірегей нөмірі (Ethics Approval Number) беріледі.

3.2. Тіркеу нөмірінің форматы: LBC-RIBSP-YYYY-NNN, мұнда:

- LBC – Local Bioethics Committee;
- RIBSP – Research Institute for Biological Safety Problems;
- YYYY – тіркеу жылы;
- NNN – сараптаманың реттік нөмірі.

3.3. Биоэтикалық мақұлдау нөмірі келесі құжаттарда көрсетіледі:

- ғылыми жарияланым мәтінде;
- Ethics Statement бөлімінде;
- халықаралық есептерде;
- халықаралық гранттарға өтінімдерде.



#### **4. Ғылыми жарияланымдардағы биоэтикалық мақұлдау формулировкасы**

4.1. Халықаралық ғылыми жарияланымдарда келесі міндетті формулировка қолданылады: The study protocol was reviewed and approved by the Local Bioethics Committee of the Research Institute for Biological Safety Problems (Approval No. \_\_\_\_).

4.2. Қажет болған жағдайда кеңейтілген нұсқа қолданылады: The study protocol was reviewed and approved by the Local Bioethics Committee of the Research Institute for Biological Safety Problems (Approval No. \_\_\_\_). The Committee operates in accordance with international ethical standards including the Declaration of Helsinki and CIOMS guidelines.

4.3. Биоэтикалық мақұлдау формулировкасын өзгертуге жол берілмейді.

#### **5. Биоэтикалық мақұлдау сертификаты**

5.1. Халықаралық жарияланымдар үшін ағылшын тілінде Ethical Approval Certificate ресімделеді.

5.2. Сертификатта келесі мәліметтер көрсетіледі:

- комиссияның ресми атауы;
- биоэтикалық мақұлдау нөмірі;
- зерттеу атауы;
- зерттеу жетекшісінің аты-жөні;
- мақұлдау күні;
- комиссия төрағасының қолы.

5.3. Сертификатқа ЖБК төрағасы қол қояды және институттың мөрімен куәландырылады.

#### **6. Комиссия шешімдерін жарияланымдарда пайдалану**

6.1. Зерттеуші барлық халықаралық жарияланымдарда комиссияның дұрыс атауын және биоэтикалық мақұлдау нөмірін көрсетуге міндетті.

6.2. Егер биоэтикалық сараптама институттың ЖБК-да жүргізілген болса, басқа комиссиялардың шешімдерін қолдануға жол берілмейді.

6.3. Зерттеу нәтижелерін ЖБК биоэтикалық мақұлдауын көрсетпей жариялауға жол берілмейді.

6.4. ЖБК-да қаралмаған зерттеулер үшін биоэтикалық мақұлдау нөмірін пайдалануға жол берілмейді.



Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты  
Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия

SOP-21 Халықаралық ғылыми жарияланымдарды дайындау кезінде Жергілікті  
биоэтика комиссиясының шешімдерін пайдалану  
1.0 нұсқа | 4 / 4 бет

## **7. Құжаттарды сақтау**

7.1. Халықаралық жарияланымдарда пайдаланылатын барлық биоэтикалық мақұлдау сертификаттары биоэтикалық сараптамаларды тіркеу журналында тіркеледі.

7.2. Сертификаттардың көшірмелері Жергілікті биоэтика комиссиясының архивінде сақталады.

7.3. Құжаттарды сақтау мерзімі институттың ішкі нормативтік актілеріне сәйкес анықталады.

## **8. Жауапты тұлғалар**

8.1. Осы SOP талаптарының сақталуын бақылауды Жергілікті биоэтика комиссиясының төрағасы жүзеге асырады.

8.2. Құжаттарды тіркеу және сақтау жұмыстарын Жергілікті биоэтика комиссиясының хатшысы қамтамасыз етеді.

## **9. Қорытынды ережелер**

9.1. Осы SOP институт басшысының бұйрығымен күшіне енгізіледі.

9.2. Осы SOP-қа өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.